




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖҮЙЕ



Астанада «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі» тақырыбында халықаралық форум өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен алқалы жиынға Парламент депутаттары, Конституциялық Сот судьялары, мемлекеттік органдардың басшылары, инвесторлар, бизнес қауымдастық өкілдері, дипломатиялық корпус мүшелері және шетелдердің жоғары соттарының судьялары қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)



АКЦИЯ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының 1987 жылғы шешімімен 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күні ретінде белгіленген болатын. Сол уақыттан бері жыл сайын бүкіл дүние жүзінде, оның ішінде біздің елімізде де бұл күн ерекше атап өтіліп келеді.



НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Бірнеше жылдан бері осы күн қарсаңында елімізде бір ай бойы, яғни, 26 мамырдан бастап 26 маусымға дейін есірткіге қарсы және нашақорлықтың алдын алу мақсатында түрлі профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Биыл да дәстүрге айналған осы бастаманың аясында Кентау қаласына қарасты Хантағы ауылындағы Қаратау мемлекеттік табиғи қорығында облыстық деңгейдегі айлық іс-шаралардың ашылу салтанаты өтті. Оған Кентау қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Әбенұлы, Түркістан облыстық полиция департаменті бас-тығының бірінші орынбасары, полиция пол-ковнигі Арман Тіленшиев, Түркістан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Айдос Тоғызбаев, құқық қорғау органдарының қыз-меткерлері және жастар мен қала тұрғындары қатысты.

Шара барысында қатысушылар жастарды са-лауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттер-ден аулақ болуға шақырып, қоғам қауіпсіздігін нығайту бағытындағы жұмыстардың маңыз-дылығына тоқталды.

– Жоспар аясында есірткіге қарсы және нашақорлықтың алдын алу мақсатында түр-лі іс-шаралар, арнайы кездесулер, қоғамдық қабылдаулар, ашық есік күндері, акциялар, челленджер, флешмобтар, түрлі байқаулар, спорттық, мәдени, танымдық және өзге бағыт-тағы іс-шаралар өткізілуде. Нашакорлық – бүкіл адамзат қоғамы бетпе-бет келіп отырған үлкен қасірет. Сол себепті, онымен әрқашан тоқтаусыз күресіп, ғасыр індетінің өршуіне жол бермеу, аса қауіпті әрі әлеуметтік кеселдің алдын алу – баршаға ортақ іс.

(Жалғасы 4-бетте)



СҮХБАТ

Самат САТЫЛҒАНОВ,

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің орынбасары:

«АУДАН АГРАРЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҮЛГІСІ БОЛУЫ КЕРЕК»

– Самат Нақыбекұлы, биыл құрыл-ғанына 90 жыл толып отырған Райымбек ауданы Алматы облысының орталығынан ең шалғайда орналасқан шекаралық аудан саналады. Сол себепті мұндағы халықтың әлеуетін арттыру, тұрмыстық жағдайын жақсартудың мән-маңызы ерекше. Еңбек жолыңызға көз жүгіртсек, 1986 жылдан бері осы өңірде қызмет етіп келе жатыр екенсіз. Ауданның өткені мен бүгініне аз-кем шолу жасап өтсеңіз?

– Қай кезең, қандай қоғамда болсын халықтың әлеуетін арттыру, тұрмыстық жағдайын жақсарту кезек күттірмейтін ең басты мәселе болып сана-лады. Мемлекетімізде бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан сындарлы саясат пен кезең-кезеңімен қа-былданып жатқан бағдарламалардың да негізгі ұстанымы осы. Бар тіршілік тынысы ауыл ша-руашылығымен тығыз байланысып, қайымда-са өріліп келе жатқан Аспантаулар өлкесіндегі Райымбек ауданының экономикалық дамуы мен халқының әл-ауқатының өсіп-өркендеуі бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда жоғарыдағы ойы-мызға нақты дәлел болатыны анық.

Осы орайда өткен кезеңдерге бірауық ой жі-беріп аудан тарихына азды-көпті тоқталып өт-кеннің артықтығы жоқ. Кеген ауданынан 1936 жылы бөлініп, өз алдына Нарынқол ауданы болып құрылғанына биыл міне, 90 жыл толып отыр. Осы уақыт бедерінде қасиетті Тәңіртау етегінің ел-жұрты қиындықты да, қуанышты да, даму мен кері кетуді де басынан өткерді. Оған себеп, ауданның Кеген ауданына екі мәрте қосылып,

әкімшілік басқару мәртебесінен айырылуы. Оның біріншісі 1962–1966 жылдары болса, екінші 1997–2018 жылдар аралығы. Осындай жайттар елдің шеті, шекара шебінде жатқан ауданның дамуына, өркендеуіне, адамдардың тұрмыстық жағдайла-рының жақсаруына, мәдениетінің көтерілуіне айтарлықтай кері әсерін тигізгені анық. Жергілікті халықтың талап-тілегі мен ой-армандары араға 21 жыл салып орындалды. Биыл көктемде осынау ел есінен кетпейтін қуанышты сәтке 8 жыл то-лды. Осы уақыт аралығында мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау көмектер, жасалынған игі шаралар өңірдің қайта дамып, түлеп-түрленуіне негіз қалады. Оның дәлелі ретінде ауданымызда 2018 жылы жалпы өнім көлемі 26,7 млрд болса, 2025 жылдың қорытындысымен 56,6 млрд болып екі есеге өсті.

– Өңірдің дамуындағы қазіргі оң үрдістер деп нені атап едіңіз?

– Ауданның негізгі бағыты – ауыл шаруа-шылығы. Түгін тартсаң майы шығатын дархан даласы, жанға жайлы табиғаты, жердің ерекше құнарлылығы ауыл шаруашылығын дамытып, жетілдіруге толық мүмкіндік береді. Бүгінде осы саланы дамытудың тың жолдары қолға алынып, шынайы қамқорлықты сезінген ауыл еңбеккер-лері ерекше қарқынмен еңбектеніп, жетістіктерге қол жеткізуде.

Атап айтқанда, «Altyn DAN» ЖШС 2024 жыл-дан бастап жаңбырлатып суару жүйесін енгізуді қолға алды. Аталған жоба аясында 500 гектар жерге, жалпы құны 780 миллион теңге болатын заманауи суару қондырғылары орнатылды.

(Жалғасы 5-бетте)

2-БЕТ



Әйелдер –
қоғамның қозғаушы
күші

6-БЕТ



Мұхит КЕМЕЛОВ,
Шымкент қаласы цифрландыру
басқармасының басшысы:
«Мақсатымыз — Шымкентті
толыққанды цифрлық
мегаполиске айналдыру»

8-БЕТ



Аты басқа,
ізі сол

ЛЕБІЗ

МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

«Әкімшілік әділет және оның құқықтық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі» атты халықаралық форум аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ бірқатар судьяға жоғары мемлекеттік награда табыс етті. Әріптестеріміз Берік Төлеутайұлы Нәжімиденов, Алмат Нұрмұратұлы Ерманов, Мейірбек Қабылұлы Байгелов, Нұрлан Ерболатұлы Аубакиров, Татьяна Вячеславовна Чернышты Судьялар одағының атынан осы биік марапаттарымен құттықтаймыз!



Бұл марапат – Сіздердің құқық үстемдігін нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған көп жылғы жемісті еңбектеріңізге берілген лайықты баға. Сот төрелігін жүзеге асыру жолындағы кәсіби шеберліктеріңіз, адалдық пен жауапкершілікке негізделген қызметтеріңіз елдің құқықтық жүйесін дамытуға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Әкімшілік әділет – мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтатын, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беретін мемлекеттегі маңызды институт. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік органдар қыз-

метінің заңдылығын қамтамасыз ету және әрбір азаматтың әділдікке қол жеткізуіне жағдай жасау. Осы бағыттағы табанды еңбектеріңіздің нәтижесінде әкімшілік сот төрелігі өзінің тиімділігін дәлелдеп, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға елеулі ықпал етуде.

Соңғы жылдары Мемлекет басшысының сот жүйесі өкілдерінің еңбегін жоғары бағалап, мемлекеттік наградалармен марапаттауы сот билігінің қоғамдағы ерекше орны мен беделінің айқын көрінісіне айналды. Бұл – әділ сот төрелігін жүзеге асыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге

және құқықтық мемлекетті нығайтуға бағытталған жұмыстардың мемлекет деңгейінде мойындалуы. Осы орайда, сот жүйесінің дамуына тұрақты қолдау көрсетіп, судьялар қауымының еңбегіне жоғары баға беріп келе жатқан Қазақстан Республикасының Президентіне алғысымыз шексіз. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған осындай сенім мен құрмет сот корпусын жаңа жетістіктерге жігерлендіріп, құқық үстемдігін одан әрі нығайтуға серпін береді.

Сіздердің әрқайсыларыңыз кәсібилік пен парасаттылықтың, әділдік пен адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп келесіздер. Қабылдаған шешімдеріңіз арқылы азаматтардың құқықтарын қорғап қана қоймай, қоғамда заңға деген құрмет пен сенімді қалыптастыруға зор үлес қосып отырсыздар.

Көп жылғы тәжірибелеріңіз бен тағылымды еңбек жолдарыңыз кейінгі буын заңгерлер мен жас судьялар үшін өнеге мектебі болып табылады. Сот жүйесінің дамуы мен жетілуіне қосқан үлестеріңіз әрдайым жоғары бағалана беретіні сөзсіз.

Құрметті марапат иелері!

Сіздерді жоғары мемлекеттік наградаларыңызбен тағы да құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке және жауапты қызметтеріңізге толайым табыс тілеймін. Еліміздегі құқық үстемдігін қамтамасыз ету жолындағы абыройлы еңбектеріңіз жемісті жалғасын тауып, мерейлеріңіз әрдайым үстем болсын! Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуына қосып жүрген сүбелі үлестеріңіз еселене берсін!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

ҚҰНДЫЛЫҚ

«ЗАҢҒА БАҒЫНУ ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС»

Қазір елімізде қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдама жүзеге асырылуда. Әлеуметтік, экономикалық, құқықтық нәтижелер күтілген бұл тұжырымдама негізіне Мемлекет басшысының жолдауы, Ұлттық құрылтайдағы сөзі, Құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарындағы бағдарламалар алынған болатын. Онда құқық бұзушылықтарға жедел реакция білдіруге ғана емес, олардың алдын алуға және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру басты назарға алынған еді.

Қазақстандық қоғамдық даму институты «Құқықтық реформалар және қоғам сұранысы: Қазақстанда «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру» деп аталатын талдау баяндамасын жариялады. «Заң мен тәртіп» қағидатына көзқарасын білдіру кезінде сауалнамаға қатысқан респонденттердің 10,6 пайызы мемлекет пен оның өкілдерінің шынайылығына күмәнданатынын білдірген. 22,9 пайызы идеяны қолдағанмен, оны жүзеге асыруға қатысуға дайын емеспіз десе, 19,8 пайызы дайынбыз деген. 19,8 пайызы идеяның дұрыстығын мойындағанымен, оны іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау керектігін атап өткен. 19,8 пайызы жауап беруге қиналам десе, 7,1 пайызы бұл идеяны мүлде қолдамайтынын айтқан. Яғни, заң мен тәртіп қағидатын жүзеге асыруда әлі де түйткілді тұстар жеткілікті. Бұл бағытта құқық қорғау органдарына халықтың сенімін анықтау үшін Ұлттық статистика бюросы қылына екі мәрте жүргізетін зерттеу нәтижесін ескерген артық болмас.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының талдауындағы құндылықтардың маңыздылығы туралы сұраққа келгенде тәуелсіздік – бірінші, бірлік – екінші, әділеттілік – үшінші, патриотизм – төртінші, тәртіп – бесінші, заң – алтыншы, жауапкершілік – жетінші орын алуы қалыпты жағдай деуге болады.

«Қоғам үшін маңызды деп есептейтін құндылықтарды ілгерілетуде құқықтық жүйенің қандай институттары немесе субъектілері негізгі рөл атқарады?» деген сауалға қатысты жауап та көптеген сұраққа жауап бере алады. Онда респонденттердің 77,1 пайызы отбасы мен туыстарын бірінші орынға қойған. Еңбек ұжымын 42,8 пайызы екінші, 37,3 пайызы көршілер мен достарын үшінші орынға шығарған. 33 пайызы БАҚ, интернет, әлеуметтік желілерді төртінші, 26 пайызы құқық қорғау органдарын



бесінші, 24,9 пайызы сот жүйесін алтыншы, 20,7 пайызы заң шығарушылар мен депутаттарды жетінші орынға қойған. Ұсынылған нұсқалар арасында 19,7 пайызы қоғам қайраткерлері мен пікір көшбасшыларын, 16,6 пайыз адам құқықтарын қорғау ұйымдарын; 12,9 пайызы ғылыми-сарапшылық қоғамдастықты; 11,4 пайызы заңгерлер, адвокаттар, нотариустарды; 10,3 пайызы бизнес қауымдастықты; тек 5,4 пайызы кәсіби заңгерлік қауымдастықтар мен бірлестіктерге сенім білдірген. БАҚ, интернет пен әлеуметтік желілердің құқықтық жүйенің көптеген институттарынан алда тұруы ақпараттық кеңістік пен мемлекеттік идеологиядағы оның ықпалының әлі жоғары екенін көрсететін көрсеткіш деуге болады.

Сондай-ақ «Азаматтардың құқықтық тәртіпке деген сенімін арттыру үшін заңнама саласында қандай өзгерістер қажет деп ойлайсыз?» деген сауалға ұсынылған төрт нұсқаның ішінен респонденттердің жартысынан астамы (57,7%) мұндай өзгерістерге сот органдарындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуді жатқызуы елдегі құқықтық реформаларға берілген баға деуге болады. Мұнда сауалнамға қатысушылардың үштен бірі құқық бұзушылықтар үшін жазаларды қатаңдатуды (34,7%) және сот төрелігіне қол жеткізу рәсімдерін жеңілдетуді (33,3%) атап өткен. Төрттен бірі құқық қорғау органдарының ашықтығы мен есептілігін арттыруды (23,9%) ұсынған.

Осы арада Мемлекет басшысының 2025 жылғы 23 маусымда құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде: «Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну әркімнің өмір салтына айналуға тиіс», – деген сөз еріксіз еске түсері анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Бүгінгі таңда мемлекеттің даму деңгейі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, ондағы әйелдердің құқықтық мәртебесімен және қоғамдық-саяси өмірге араласу бөлсенділігімен де өлшенеді.

ӘЙЕЛДЕР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қазақстандағы гендерлік саясаттың іргетасы берік. Ел Конституциясы жынысына қарай ешқандай кемсітушілікке жол бермейді. Мемлекетте «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң жұмыс істейді және 2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, Қазақстан халықаралық деңгейде БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» және «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» конвенцияларына қосылып, әлемдік стандарттарды өз заңнамасына енгізді. Квазимемлекеттік сектор мен басқарушы органдарда әйелдер үшін арнайы 30 пайыздық квотаның енгізілуі де олардың шешім қабылдау деңгейіне шығуына жол ашты.

Қазақстан қоғамы мен құқық қорғау жүйесіндегі ең үлкен бетбұрыс – әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қорғайтын заңнаманың түбегейлі қатайтылуы болды. Елде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы «нөлдік төзімділік» саясаты заң жүзінде бекітілді. 2024 жылғы 16 маусымнан бастап күшіне енген әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа заң отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресті мүлдем жаңа деңгейге көтерді. Бұл заң аясында әйелдер құқығын қорғауды арттыратын бірқатар басымдықтар қолға алынған.

Оның біріншісі – қылмыстық жауапкершілік. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылық саналып келген «ұрып-соғу» және «денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» әрекеттері енді Қылмыстық кодекске ауыстырылып, қылмыс деп танылды. Соған сай агрессорлар айыппұлмен ғана құтылмай, қоғамдық жұмыстарға жегіледі немесе тікелей қамауға алынады.

Екіншісі – арызсыз жауапкершілік. Бұзақыны жауапкершілікке тарту үшін енді жәбірленуші әйелдің арызы міндетті емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі анықталған бойда (көршілердің шағымы, видео-айғақтар немесе полицияның анықтауы бойынша) іс автоматты түрде қозғалады. Бұл әйелдерді қорқыныш пен қысымнан құтқаруға бағытталған.

Үшіншісі – мәжбүрлі психологиялық көмек. Сот шешімімен отбасылық

агрессорлар өз мінез-құлқын түзеу үшін міндетті түрде психологиялық оңалтудан өтуге жіберіледі.

Мемлекеттік қолдау жүйесі де жақсы жолға қойылып отыр. Бүгінде республика бойынша отбасын және зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді қолдауға арналған 110-нан астам Орталық және бірінғай «112» жедел байланыс желісі заңмен бекітіліп, тұрақты көмек көрсете бастады.

Қазақта «Әйелдің қырық жаны бар» деген сөз бар. Бұл әйелдің өлмейтін жаны бар деген сөз емес, әйелдің қабілеттілігінің, күшінің, икемінің кендігін білдіреді. Иә, әйелге мүмкіндік беріліп, қолдау жасалса, кез келген саланы иіріп әкете алады. Мысалы, сот және құқық саласы – жоғары жауапкершілікті, төзімділікті және әділдікті талап ететін айрықша құрылым. Қазақстанның сот жүйесінде әйелдердің үлесі өте жоғары және бұл көрсеткіш жыл санап артып келеді. Бүгінде еліміздегі судьялардың 50%-дан астамын әйелдер құрайды. Олар тек аудандық деңгейде емес, облыстық соттар мен Жарарғы Сот деңгейінде де маңызды шешімдер қабылдап отыр.

Жалпы қазақ әйелдерінің менталды және әлеуметтік артықшылықтары өте көп. Қазақ әйелдерінің феномені – олардың тарихи тамыры мен заманауи болмысының үндесуінде. Батыс пен Шығыстың мәдениетін тоғыстырған қазақ әйелінің бойында көпфункционалдылық, білімге құштарлық, тарихи еркіндік секілді қабілеттер бар.

Әйелдер – Қазақстан экономикасы мен әлеуметтік саласының қозғаушы күші. Олар қоғам дамуына қомақты үлес қосуда. Еліміздегі гендерлік саясат пен әйел құқығын қорғау заңнамасы – бұл тек қағаз бетіндегі ұран емес, қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін нақты құрал. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық жауапкершілікке жатқызу арқылы мемлекет әйел затының құқығы мен ар-намысын қорғаудың жаңа стандартын қалыптастырды. Қазақ әйелі өзінің табиғи даналығымен, білімімен және жауапкершілігімен мемлекеттің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының кепілі болып қала бермек.

Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПІКІР

ТӘРТІПКЕ БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Заң мен тәртіп – кез келген мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының негізгі тірегі. Заң сақталған жерде әділдік орнайды, ал тәртіп бар қоғамда қауіпсіздік пен сенім қалыптасады.

Заң – мемлекет бекіткен, барша азамат үшін міндетті мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Ал тәртіп – сол заң талаптарының қоғамда нақты орындалуы. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Заңсыз тәртіп болмайды, тәртіпсіз заң өз мәнін жоғалтады.

Қоғамда заң мен тәртіптің сақталуы әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына тікелей әсер етеді. Заң талаптарын сақтау арқылы адамдар өзара сыйластыққа, жауапкершілікке және әділдікке қол жеткізеді. Сондықтан «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген халық даналығы бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Құқық бұзушылық – заң мен тәртіптің бұзылуының көрінісі. Ол әкімшілік, қылмыстық және азаматтық сипатта болуы мүмкін. Құқық бұзушылықтың салдары тек жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға зиян келтіреді. Сол себепті құқық бұзушылықтың алдын алу – мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Заң мен тәртіпті қамтамасыз етуде құқықтық мәдениеттің рөлі ерекше. Құқықтық мәдениет дегеніміз – заңды білу, оны құрметтеу және орындау. Азамат заңды қаншалықты жақсы білсе, соншалықты жауапкершілікпен әрекет етеді. Бұл ретте отбасының, білім беру ұйымдарының және қоғамның ықпалы зор.Мемлекет тарапынан заңдылық пен тәртіпті нығайту мақсатында түрлі профилактикалық іс-шаралар, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Алайда ең бастысы – әрбір азаматтың ішкі жауапкершілігі мен саналы ұстанымы. Заңды сақтау қорқыныштан емес, азаматтық парыздан туындауы тиіс.

Заң мен тәртіп – қоғам дамуының, бейбіт өмір мен тұрақтылықтың басты шарты. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпке үлес қосқан жағдайда ғана әділ және қауіпсіз қоғам қалыптасады. Заңға құрмет – өзімізге, болашағымызға деген құрмет.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты әкімшісінің басшысы
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖҮЙЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Форум Қазақстандағы әкімшілік әділет институтының қалыптасқанына бес жыл толуына арналды. Сарапшылардың пікірінше, бұл кезең мемлекеттік басқару жүйесі мен сот төрелігінің өзара байланысын жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетігін қалыптастырды.

Форумды ашқан Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев әкімшілік әділеттің құқықтық мемлекет қалыптастырудағы маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бес жыл бұрын күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың философиясын түбегейлі өзгертті. «Бұл жай ғана жаңа кодекс емес. Бұл – адамның мемлекетпен өзара іс-қимылындағы теңсіздікті азайтуға бағытталған стратегиялық шешім болды», – деді Жоғарғы Сот төрағасы.

Сенім тетігі

Әкімшілік әділет енгізілгенге дейін мемлекеттік орган қабылдаған шешімдердің заңсыздығын дәлелдеу міндеті негізінен азаматтардың өзіне жүктелетін. Қазіргі жүйеде керісінше мемлекеттік орган өз әрекетінің заңдылығын, негізділігін және әділеттілігін дәлелдеуге міндетті. Сонымен қатар соттардың белсенді рөлі күшейтілді. Судьялар тараптардың ұсынған дәлелдерімен ғана шектелмей, істің дұрыс шешілуі үшін маңызды барлық мән-жайды зерттеуге міндетті. Сондай-ақ сот актілерін орындамағаны немесе процестік міндеттерді бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу тетігі енгізілді.

Әкімшілік әділетті іске қосу үшін Жоғарғы Сот ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізді. Елде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылып, судьялар халықаралық тәжірибелер негізінде қайта даярланды. Бес жыл ішінде реформаның нақты нәтижелері де көрінді. Осы уақыт аралығында әкімшілік соттарға 150 мыңнан астам талап қою



Жаңа модельдің басты ерекшелігі – мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімінің заңдылығын дәлелдеуге міндетті. Яғни, дәлелдеу ауыртпалығы азаматтан мемлекетке ауысты. Сонымен қатар, соттардың белсенді рөлі күшейіп, олар істің барлық мән-жайын жан-жақты зерттеуге міндеттелді. Президенттің айтуынша, бүгінде қиын тұғызатын мәселелердің барлығы адал азаматтардың пайдасына шешілуі тиіс деген қағида орныға бастады. Бұл өзгерістер қоғамдағы сот жүйесіне деген көзқарасқа да әсер етті.

түскен. Оның үстіне жыл сайын мұндай істердің саны тұрақты өсіп келеді. Бұл азаматтар мен бизнестің жаңа сот төрелігі жүйесіне сенімінің артқанын көрсетеді.

Ең маңызды көрсеткіштердің бірі – азаматтар жеңіп шығатын істер үлесінің 15 пайыздан шамамен 60 пайызға дейін өсуі. Бұл санның артында заңсыз шешімдердің күшін жою, кәсіпкерлердің құқықтарын қалпына келтіру және азаматтардың мүдделерін қорғау тұр.

Инвестиция тартудағы құқықтық кепілдік

Әкімшілік әділеттің инвесторлар үшін де маңызы ерекше. Жоғарғы Соттың мәліметінше, инвесторлардың қатысуымен болатын даулар көбінесе салық, кеден, экология және жер қойнауын пайдалану салаларында туындайды. Соңғы жылдары мұндай істер бойынша сот практикасы анағұрлым тұрақты әрі болжамды сипат ала бастаған. Бұл өз кезегінде Қазақстанның инвестиция тарту сипатын арттыруға ықпал етеді. Өйткені кез келген инвестор үшін даулардың әділ әрі ашық қаралуына кепілдік беретін құқықтық орта шешуші факторлардың бірі саналады.

Әкімшілік әділет мемлекеттік басқару мәдениетін өзгертуге де ықпал етті. Бұрын мемлекеттік органның ұстанымы автоматты түрде мемлекет мүддесі ретінде қабылдана, бүгінде сот практикасы мүлде басқа қағидаға сүйенеді. Яғни, мемлекеттің шынайы мүддесі – заңдылықты сақтау, әділдік пен сот алдындағы теңдікті қамтамасыз ету.

Соңғы жылдары жүргізілген реформалар әкімшілік сот ісін жүргізуді одан әрі жетілдіруге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардың ұқсас жағдайларда бірдей шешім қабылдауын көздейтін әкімшілік рәсімдердің біркелкі қағидаты енгізілді. Ал 2025 жылдан бастап экстерриториялық соттылықтың енгізілуі соттардың тәуелсіздігін күшейтіп, сыртқы ықпалдардың алдын алуда маңызды рөлге ие болды. Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, әкімшілік әділет өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, жаңа Конституцияда бекітілген маңызды институттардың біріне айналды. «Біз әкімшілік әділет қалыптасты деп сеніммен айта аламыз. Ол «Заң және тәртіп» қағидатын іске асырудың, құқықтық тұрақтылық пен инвестициялық тартымдылықты нығайтудың маңызды тетігіне айналды», – деді ол. Со-

нымен қатар алдағы кезеңде әкімшілік әділет аясын кеңейту, әкімшілік актілерді жарамсыз деп тану тетіктерін жетілдіру және сот шешімдерін мәжбүрлеп орындау жүйесін дамыту міндеттері тұрғанын мәлімдеді.

Сенім мен келісім – тұрақты даму кепілі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту Қазақстан дамуының басты шарттарының бірі екенін атап өтті. «Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида», – деді Мемлекет басшысы. Президенттің айтуынша, соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан саяси және құқықтық реформалардың түпкі мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту және мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру.

Жаңа деңгей, жаңа белес

Әкімшілік әділет жүйесінің енгізілуі мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге көтерді. Бұған дейін мемлекеттік шешімдерге шағымдану және өз құқығын қорғау қарапайым азамат үшін күрделі үдеріс болса, бүгінде жағдай айтарлықтай өзгерді. Жаңа модельдің басты ерекшелігі – мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімнің заңдылығын дәлелдеуге міндетті. Яғни, дәлелдеу ауыртпалығы азаматтан мемлекетке ауысты. Сонымен қатар, соттардың белсенді рөлі күшейіп, олар істің барлық мән-жайын жан-жақты зерттеуге міндеттелді. Президенттің айтуынша, бүгінде күмән туғызатын мәселелердің барлығы адал азаматтардың пайдасына шешілуі тиіс деген қағида орныға бастады. Бұл өзгерістер қоғамдағы сот жүйесіне деген көзқарасқа да әсер етті.

«Соңғы жылдары сот шешімдерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің мүддесіне сай шығарылған. Бұл да әкімшілік әділет жүйесінің нақты нәтижесі екені сөзсіз. Осылайша қоғамымыз «судьялар әрдайым билік өкілдерін жақтайды» деген қасаң пікірден арыла бастады», – деп атап көрсетті Президент. Деректер соңғы бес жылда мемлекеттік органдарға шамамен 16 миллион өтініш келіп түскенін айтады. Бұл азаматтардың мемлекеттік институттармен ашық әрі

тиімді диалог орнатуға деген сұранысының жоғары екенін көрсетеді және инвестициялық ахуал мәселесіне ерекше назар аударды. Президенттің айтуынша, Қазақстанда инвестициялық дауларды шешуге арналған қолайлы құқықтық орта қалыптасып келеді.

Қазіргі таңда инвестициялық сипаттағы істер бойынша сот шешімдерінің шамамен 80 пайызы инвесторлардың пайдасына шығарылуда. Бұл елдің инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, құқықтық жүйенің ашықтығы мен болжамдылығын көрсетеді. Осы жайлы айта келіп Мемлекет басшысы билік пен бизнес арасындағы конструктивті диалогтың маңызын атап өтіп, барлық мемлекеттік органдарға даулы мәселелер бойынша заң аясында ымыралы шешімдер іздеуді тапсырды. Мемлекет басшысының айтуынша, заң үстемдігі қағидаты тек декларация емес, ол нақты институционалдық тетіктер арқылы іске асқан да ғана тиімді болады. Ашықтық, сөз бостандығы, құқық қолданудың болжамдылығы және құқық нормаларын біркелкі әрі тұрақты қолдану – құқықтық мемлекеттің негізгі өлшемдері. Осындай прогрессивті институттардың бірі ретінде әкімшілік сот төрелігі тәжірибесі әртүрлі елдерде енгізіліп келеді. Мәселен, Түркия мен Ресейде әкімшілік әділеттің дамыған модельдері мемлекеттік органдардың шешімдеріне соттық бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл қағидаттар абстрактілі ұғым емес. Олар тікелей инвестициялық шешімдерге әсер етеді. Тәуелсіз және тиімді сот жүйесінің болуы инвесторлар үшін құқықтардың қорғалатынына, келісімшарттардың орындалатынына және даулардың әділ шешілетініне кепілдік береді.

Іргелі өзгеріс

Форумда сөз алған Alstom компаниясының Батыс және Орталық Азия бойынша басқарушы директоры Жером Бойе Вашингтонда және әлемдегі қазіргі геосаяси-экономикалық ахуал жағдайында Қазақстанның тұрақтылығы ерекше бағаланып отырғанын ризашылықпен атап көрсетті. Оның айтуынша, біздің еліміздегі бизнес ортаның біртіндеп кенеюі мен инвестициялық тартымдылықтың артуы – кездейсоқ құбылыс емес, ұзақ уақыт бойы жүргізілген жүйелі мемлекеттік саясаттың нәтижесі. Қазақстан нарығы соңғы жылдары неғұрлым ашық, бәсекеге қабілетті және институционалдық тұрғыдан орнықты сипат ала бастады. Бұл үрдіс баға тұрақтылығы мен экономикалық саясаттың болжамдылығын арттыруға ықпал етуде. Осы контексте ерекше назар аударатын реформалардың бірі – әкімшілік әділет институтының енгізілуі. Бұл бастама құқықтық жүйені жетілдірумен қатар, мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін күшейткен іргелі өзгеріс ретінде бағаланады. Әкімшілік әділеттің мәні – азаматтардың мемлекетпен дауларын да тең құқықтық жағдай қалыптастыру. Яғни, мемлекет тек билік жүргізуші тарап қана емес, өз шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге міндетті субъект ретінде қарастырылады. Бұл – көптеген елдер үшін күрделі әрі

батыл қадам. Себебі ол мемлекеттік аппараттың дәстүрлі түсінігін өзгертіп, биліктің жауапкершілігін институционалдық деңгейде бекітуді талап етеді. Сарапшылар Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар жүйелі сипатқа ие екенін атап өтеді. Соңғы жылдары қабылданған шешімдер тек құқықтық өзгерістер ғана емес, мемлекеттік басқару моделін жаңғыртуға бағытталған кең ауқымды трансформация. Сонымен қатар, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа форматы қалыптасып келеді. Бұл форматта ашықтық, есеп берушілік және заң үстемдігі

негізгі қағидаттарға айналуға. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік әділетті дамыту – осы бағыттағы ең маңызды құралдардың бірі. Ол мемлекеттік органдардың шешім қабылдау мәдениетін өзгертіп қана қоймай, азаматтардың құқықтарын қорғаудың нақты тетіктерін күшейтеді. Қорытындылай келе, әкімшілік әділет институтының енгізілуі Қазақстандағы құқықтық мемлекет қағидатын нығайту жолындағы ең маңызды реформалардың бірі. Бұл жүйе мемлекет пен азамат арасындағы сенімді арттырып, құқық үстемдігін нақты іске асыратын институционалдық негіз қалыптастырады.

Тиімді құқықтық тәсіл

Жиында өз ойын ортаға салған Freedom Holding Corp-дың бас директоры Тимур Турлов заң үстемдігі қағидаты тек декларация емес, ол нақты институционалдық тетіктер арқылы іске асқан да ғана тиімді болатынын айтты. Ол да ашықтық, сөз бостандығы, құқық қолданудың болжамдылығы және құқық нормаларын біркелкі әрі тұрақты қолдану – құқықтық мемлекеттің негізгі өлшемдері екенін атап көрсетті. Осындай прогрессивті институттардың бірі ретінде әкімшілік сот төрелігі тәжірибесі әртүрлі елдерде енгізіліп келе жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, Түркия мен Ресейде әкімшілік әділеттің дамыған модельдері мемлекеттік органдардың шешімдеріне соттық бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл қағидаттар абстрактілі ұғым емес. Олар тікелей инвестициялық шешімдерге әсер етеді. Тәуелсіз және тиімді сот жүйесінің болуы инвесторлар үшін құқықтардың қорғалатынына, келісімшарттардың орындалатынына және даулардың әділ шешілетініне кепілдік береді. Осылайша, бизнесті жүргізу ортасында сот жүйесінің рөлі тек дауларды шешумен шектелмейді, ол экономикалық сенімнің негізгі тіректерінің біріне айналады.

Сонымен қатар форумда әкімшілік әділет институтын одан әрі жетілдіру мәселелері де көтерілді. Форумда сөз алған Мәжіліс депутаты Марат Бәшімов бес жыл ішінде қалыптасқан оң тәжірибеге қарамастан, бұл салада шешімін күтетін мәселелер аз емес екендігін атап көрсетті. Оның айтуынша, әсіресе мемлекеттік органдардың құқықтық мәдениетін арттыру өзекті болып отыр. Өйткені тәжірибеде кейбір шешімдердің жеткілікті негізделмей қабылдануы немесе рәсімдік талаптардың сақталмауы әкімшілік даулардың көбеюіне себеп болады. Сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізудің ерекшеліктерін мемлекеттік қызметшілер ғана емес, азаматтардың өздері де толық меңгере бермейді. Құқықтық ағартуды күшейту арқылы мемлекеттік аппараттың құқықтық сауаттылығын арттыру қажет.

Сонымен қатар сотқа дейінгі реттеу тетіктерін де дамыту керек. Сарапшылардың пікірінше, жария-құқықтық даулар бойынша медиация және өзге де баламалы келісу рәсімдерін кеңінен енгізу соттардың жүктемесін азайтып қана қоймай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды жедел шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар әкімшілік соттардың шешімдерін толық әрі уақытылы орындау мәселесі де күн тәртібінен түскен жок. Кей жағдайларда мемлекеттік органдардың сот актілерін орындауды созбалаңға салуы құқықтарды қалпына келтіру үдерісін тежейді. Алдағы кезеңде әкімшілік әділеттің басты міндеті тек дауларды қарау ғана емес, мемлекеттік басқару сапасын арттыруға ықпал ететін тиімді құқықтық механизмге айналуы тиіс. Бұл үшін заңнаманы жетілдірумен қатар, құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту маңызды.

Форумда халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Осыған дейін Астанада Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгрессті құру туралы декларацияға қол қойылды. Токетерін айтқанда жаңа алаң судьяларды, ғалымдарды және заңгерлерді біріктіріп, үздік тәжірибелерімен алмасуға мүмкіндік береді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АКЦИЯ

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Барлық азаматтарды есірткіден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз! Қоғамның топтасуы мен бірлескен қарсы іс-қимылы есірткімен күрестегі және нашақорлықтың алдын алудағы маңызды қадам болып табылады. Нашақорлық, есірткіге әуестік – тұтас алғанда бір ғұмырдың жанбай жатып сөнуіне алып келетін қасіретті құбылыс. Сайып келгенде бір адамның ғұмыры тұтас қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығына әсер етері айдан анық. Демек, жағымсыз әдеттен аулақ болу, оның зияны мен кесірі жайлы үздіксіз айту елге жасаған ерен жақсылығын екенін ұмытпау керек, – деді Кентау қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Өбенұлы.

Түркістан облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Арман Тіленшиев облыс аумағында есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыс барысына тоқталды.

– Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы орайда, ел Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында 2026–2028 жылдарға арналған нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің кешенді жоспары бекітілді. Осы құжаттың талаптарына сәйкес, облыс аумағында есірткі қылмыстарымен күрес және нашақорлыққа қарсы профилактикалық іс-шаралар жоспарлы түрде іске асырылуда, – деді Түркістан облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары.

Полиция полковнигінің сөзіне қарағанда қазіргі таңда есірткінің заңсыз айналымына қатысты 126 дерек анықталған. Оның ішінде 25 қылмыс және 101 теріс қылық орын алған. Әсіресе есірткі сату, аса ірі көлемде есірткіні сақтау, есірткі контрабандасы, синтетикалық есірткі лабораториясы бойынша қылмыс санаты көп. Заңсыз айналымнан 60 келіден астам есірткі заттары тәркіленген. Соның ішінде синтетикалық есірткі заты, гашиш, марихуана, көкнәр сабаны тәркіленген.

Жыл басынан әлеуметтік желіге мониторинг жүргізу барысында синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 452 сайттың жұмысы тоқтатылған. Прокуратура органдарымен бірлесіп электрондық банктік есепшоттарға жүргізілген мониторингтің нәтижесінде есірткі сату күдігі туындаған 937 банк картасы анықталып, «Антифрод» бағдарламасы арқылы олардың айналымына шектеу қойылды.



Жергілікті атқарушы органдар және үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп есірткіні медициналық емес тұтыну фактілерінің, оның ішінде ойын-сауық мекемелерінде, түнгі және компьютерлік клуб, меірамхана, бар және тағы басқа мекемелерде таралуының жолын кесу мен анықтау жөнінде 45 рейд жүргізілген. Осының нәтижесінде ӘҚБтК-нің 440-1-бабымен 218 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қоғамдық қауіпсіздік басқармасына қарасты аудандық бөлініс қызметкерлері қоғамдық орындар мен көшелерді патрульдеу барысында есірткі қылмы-

Қазіргі таңда есірткі саудасының 70 пайызында дәстүрлі есірткіден, жаңа синтетикалық есірткілерді интернет арқылы сатудың көбейгені байқалады. Осыған байланысты, заман ағымына қарай жасанды интелектті дамытып, қоғамның есірткіге, нашақорлыққа қарсы и.м.унитетін қалыптастыру маңызды. Сондай-ақ заманауи ақпараттық-аналитикалық кешенді бағдарламаларды енгізу, кеселмен күресудің жаңа тәсілін кеңінен пайдалану бойынша ізденістер жасалуда.



сының жолын кесу мен көше граффити жазу фактілерін анықтау бойынша 34 рейд жүргізіп, 225 граффити жазбалары жойылды.

Облыс аумағындағы көшелер мен қоғамдық орындарда қазіргі таңға дейін жалпы 76 есірткіге қарсы әлеуметтік жарнамасы бар билбордтар және 15 LED экран орналастырылған. Сонымен қатар, әуежай, теміржол вокзалы, «ҚазПочта» қызметкерлерімен бірге есірткі құралдары және психотроптық заттарды заңсыз жөнелту фактілерін

анықтау үшін департаменттің қызметтік иттерінің көмегімен жедел-ізвестіру іс-шаралары ұдайы түрде жүргізіліп, жалпы 44 рейд өткізілді.

Қазіргі таңда есірткі саудасының 70 пайызында дәстүрлі есірткіден, жаңа синтетикалық есірткілерді интернет арқылы сатудың көбейгені байқалады. Осыған байланысты, заман ағымына қарай жасанды интелектті дамытып, қоғамның есірткіге, нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру маңызды. Сондай-ақ заманауи ақпараттық-аналитикалық кешенді бағдарламаларды енгізу, кеселмен күресудің жаңа тәсілін кеңінен пайдалану бойынша ізденістер жасалуда.

Бір айға созылатын бағдарлама аясында спорттық және жылдам қимылдайтын арнайы жасак қызметкер-



лерінің (СОБР) ойыны көрсетіліп, кинологиялық қызметтің қойылымдары ұсынылды. Сондай-ақ, өнерпаздар патриоттық әндер орындады. Осы айтулы күнге орай облыс аумағында ай бойы шаралар легі жалғасын тауып, қоғам қасіретіне айналған жат қылықтардан ада болуға үндейтін бастамалар насихатталады. Бұл шаралар бір адамға ой салса да, еңбектің ақталғаны.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БАЗЫНА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ НЕМЕН ӨЛШЕНЕДІ?

Кез келген тәуелсіз мемлекеттің құқықтық жүйесінде тіл мәселесі – ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік бірегейліктің ажырасмас бөлігі. Ұлттық мемлекеттің қалыптасу тарихында тілдің заңдық мәртебесін айқындау егемендікті жариялаумен қатар жүретін стратегиялық қадам болып табылады. Қазақстан Республикасында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру – жай ғана лингвистикалық шешім емес, ұлттың тарихи өділдігін қайтару, мәдени кодын сақтау және саяси дербестігін заңдастыру актісі болды.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, мемлекеттік тіл мәртебесі – бұл тілдің ел аумағындағы барлық билік тармақтарында (заң шығарушы, атқарушы, сот), мемлекеттік басқару органдарында, қарулы күштерде, құқық қорғау саласында және халықаралық құқықтық қатынастарда міндетті түрде қолданылуын заңмен кепілдендіру. Тілдің құқықтық субъектілігі мемлекет тарапынан қорғалады және оның дамуы мен жұмыс істеуі үшін бюджеттік-қаржылық, ұйымдастырушылық және әкімшілік ресурстар бөлінеді. Мемлекеттік тіл – елдің конституциялық құрылымының негізін қалаушы элементтердің бірі ретінде мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранмен тең дәрежедегі саяси-құқықтық нышан болып есептеледі.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының иерархиялық құрылымы негізгі екі нормативтік-құқықтық актіге сүйенеді. Олардың біріншісі және ең жоғарғысы – ҚР Конституциясы болса, екіншісі – «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы. Елдің Ата Заңының 7-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп нақты бекітілген. Бұл норма мемлекеттің өз ішкі және сыртқы саясатын-

да қазақ тілінің басымдығын қамтамасыз етуге міндетті екенін көрсетеді. Дегенмен, осы баптың 2-тармағындағы: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген ескерту елдегі тарихи қалыптасқан демографиялық және әлеуметтік ахуалды ескере отырып қабылданған конституциялық компромисс екені сөзсіз. Құқықтық тұрғыдан бұл екі норма бірін-бірі жоққа шығармайды, бірақ казак тілінің «мемлекеттік» мәртебесі оның заң шығару және мемлекеттік құжат айналымындағы түпнұсқалық рөлін әрқашан жоғары қояды.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы Конституциядағы жалпы қағидаларды нақтылаушы және қоғамдық қатынастардың әртүрлі саласында тілдің қолданылу тәртібін реттеуші негізгі құрал болып табылады.

Қазақ тілінің құқықтық даму жолы бірнеше маңызды тарихи және заңнамалық кезеңнен өтті. Бұл эволюцияны шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Кеңестік кезеңнің соңы: 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ КСР-інің тілдері туралы» заңның қабылдануы. Бұл заң

алғаш рет қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, оның жойылып кету қаупінен аман қалуына құқықтық негіз қалады.

2. Посткеңестік және конституциялық тұрақтандыру кезеңі (1995–1997 жылдар): 1995 жылғы жаңа Конституцияның қабылдануы және 1997 жылғы қолданыстағы «Тіл туралы» заңның күшіне енуі тіл саясатының теңгерімді моделін қалыптастырды.

3. Заманауи реформалар мен нақтылау кезеңі (2020 жылдар – қазіргі уақыт): Бұл кезеңде заңнамаға декларативті (жалпылама) сипаттан нақты талап қою сипатына көшу тән.

Тілдік заңнаманы жетілдіру мақсатында соңғы уақытта маңызды түзетулер енгізілді. Соның ішінде, көрнекі ақпарат пен жарнама тілін реттеуге қатысты заңнамалық өзгерістерді ерекше атап оту керек. Жаңа ережеге сәйкес:

- Көше жарнамалары, маңдайшалар, хабарландырулар мен баға көрсеткіштері (ценниктер) міндетті түрде алдымен казак тілінде жазылуы тиіс.
- Мәтіндердің аудармасы стилистикалық және орфографиялық тұрғыдан сауатты болуы заңмен міндеттелді.
- Тауарлардың сыртқы қаптамасындағы ақпараттар мен нұсқаулықтардың қазақша нұсқасының сапасына қойылатын талаптар күшейтілді. Бұл өзгерістер мемлекеттік тілдің қоғамдық және коммерциялық кеңістіктегі құқықтарын қорғаудың парменін көрсетеді.

«Қазақ тілінің құқықтық мәртебесі және оны іске асыру тетіктері» төңірегінде жүргізілген кешенді зерттеуде белгілі болғандай:

- Құқықтық базаның беріктігі. Мемлекеттік тіл – елдің

егемендігі мен конституциялық құрылымының мызғымас тірегі, ұлттық қауіпсіздіктің басты элементі болып табылады.

- Декларативтіліктен прагматизмге көшу: тілдік заңнаманың даму эволюциясы көрсеткендей, соңғы жылдары қабылданған түзетулер (әсіресе көрнекі ақпарат, жарнама және тауар қаптамаларындағы мәтіндерді реттеу) тіл саясатының жалпылама ұрандардан нақты құқықтық міндеттеу мен әкімшілік жауапкершілік деңгейіне өткенін дәлелдейді. ӘҚБтК аясындағы санкциялар мен уәкілетті органдардың мониторингтік қызметі бұл процесті жеделдетіп отыр.
- Іске асыру тетіктерінің кешенділігі: Мемлекеттік тілді өмірдің барлық саласына енгізу тек әкімшілік қысыммен емес, білім беру жүйесін жаңғырту, *KAZTEST* жүйесі арқылы кадрлық талаптарды күшейту және цифрлық технологияларды (IT-платформалар, дауыстық ассистенттер) дамыту арқылы жүзеге асырылуда.

Халықаралық тәжірибе (Франция, Канада үлгілері) көрсеткендей, тілдің үстемдігі тек құқықтық мәртебемен ғана шектелмейді. Қазақ тілінің болашақ дамуы оның экономикалық, бизнестік және ақпараттық кеңістіктегі «сұранысқа ие тілге» (қажеттілікке) айналуымен тікелей байланысты. Тіл саясатын одан әрі жетілдіру үшін терминологиялық бірізділікті сақтау және мемлекеттік құжат айналымының сапалық мазмұнын арттыру өзекті болып қала бермек.

Қазақ тілінің құқықтық мәртебесін іске асыру тетіктерін үнемі жетілдіріп отыру – мемлекеттің ғана емес, азаматтық қоғамның да ортақ міндеті. Мемлекеттік тілдің тұғырын нығайту – елдің ішкі бірлігі мен интеллектуалды әлеуетін арттырудың басты кепілі.

Рита ШАУКЕЛОВА,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы

КІМЕ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТҮЙТКІЛДЕРДІ ТҮЗЕУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ



А.САГАНДЫКОВА,
Алтай ауданы №2 соты
әкімшісінің басшысы

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде сот жүйесінде қолданылуы құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаттарының бірі болып табылады. Сот төрелігін жүзеге асыру барысында мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға ықпал етеді.

Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылуы азаматтардың сот жүйесіне қолжетімділігін қамтамасыз етеді және сот процесінің ашықтығы мен түсініктілігін арттырады. Сонымен қатар, тараптардың сот материалдарын толық түсінуі әділ шешім қабылдаудың маңызды шарты болып табылады. Заңнамаға сәйкес сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда тараптардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында басқа тілдер аудармашы арқылы қолданылуы мүмкін.

Алайда сот саласында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне қатысты бірқатар

мәселелер сақталуда. Атап айтқанда, сот құжаттарының бір бөлігі орыс тілінде рәсімделуі, құқықтық терминологияның қазақ тіліндегі бірізділігінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ кейбір мамандардың мемлекеттік тілде еркін іс жүргізу дағдысының толық қалыптаспауы байқалады. Бұл жағдайлар мемлекеттік тілдің сот саласындағы толыққанды қолданысына белгілі бір деңгейде кедергі келтіреді.

Осыған байланысты сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында төмендегідей жүйелі шараларды жүзеге асыру қажет деп ойлаймын:

- Кадр саясаты аясында сот саласы қызметкерлерінің мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне ерекше талап қойылуы тиіс;
- Құқықтық терминологияны жетілдіру және біріздендіру жұмыстары күшейтілуі қажет;
- Сот ісін жүргізудің электрондық жүйелерінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын қамтамасыз ету маңызды;
- Сот қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында қазақ тіліндегі оқыту бағдарламаларын дамыту қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің қолданылуына қоғамдық бақылау тетіктерін жетілдіру де өзекті болып табылады.

Сот саласында мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы құқықтық жүйенің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – ұлттық құқықтық жүйенің дамуы мен ел бірлігін қамтамасыз етудің маңызды бағыты болып табылады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ

Самат САТЫЛҒАНОВ, Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің орынбасары:

«АУДАН АГРАРЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҮЛГІСІ БОЛУЫ КЕРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде аталған шаруашылық Орталық Азияға танымал «PepsiCo Central Asia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен картоп өткізу туралы және елдегі ең ірі «Magnum» сауда желілерімен 2 мың тонна тауарлық картоп жеткізу жөнінде келісім жасады. Сонымен қатар, фри мен чипсы өндірісіне арналған «Леди Клэр» және «VR 808» картоп сорттарын 250 га жерге отырғызды.

– *Ғаламдық климаттық өзгерістердің әсері айқын сезіліп отырған уақытта су ресурстарын үнемдеудің өзектілігі күн өткен сайын артып келе жатыр. Бұл бағытта жүзеге асырылған және алдағы уақытқа жоспарланып отырған іс-шараларға кеңірек тоқталып өтсеңіз?*

– Бүгінгі таңда, ауданымызда 2552 га жерге су үнемдеу қондырғылары орнатылып пайдаланылуда. «Altyn DAN» ЖШС-і Қазақтың жер және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтымен тығыз байланысы арқасында жаңа сорттарды көбейтіп, аудан шаруашылықтарына таратуды 3 жылдан бері жүргізуде. Биыл 120 га жерге биологиялық бидай және арпа егіліп, қосымша 1800 га жерге заманауи су үнемдеу технологияларын орнату жоспарлануда.

Аудандағы ирригация саласында 6 су қоймасы, 8 магистральдық каналдары мен 13 ішкі шаруашылық каналдарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар қолға алынған. Бұл бағыт бойынша «Казачий», «Әбдіхалық», «Талас» каналдарына қаражат бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл – ауданның ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру, экспорттық әлеуетті арттыру және су ресурстарын ұтымды пайдалану бағытындағы нақты қадамдардың бірі болып табылады.

– *Таулы жерде орналасқан Райымбек ауданы негізінен мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өңір саналады. Мұндағы мал басын асылдандыру жұмысы қалай жүргізіліп жатыр?*

– Ауданда 66 мың бас ірі қара, 267 мың бас қой мен ешкі, 42 мың бас жылқы бар. Қазіргі уақытта ауданда 2316 шаруа қожалығы тіркеліп жұмыс атқаруда. Мал тұқымын асылдандыру және мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда ірі қара мал тұқымын асылдандырумен 12 шаруа қожалығы, ал асыл тұқымды ұсақ мүйізді мал өсірумен 6 шаруа қожалығы айналысуда. Бұл шаруашылықтарда «Ангус», «Герефорд», «Қазақтың ақ бас сиыры», «Қалмақ» тұқымды ірі қара малдары, сондай-ақ «Архар меринос» және «Иль-де-Франс» тұқымды қойлары өсірілуде.



Аталған асыл тұқымды малдардың еті мен сүтінің сапасы, көлемі бойынша қарапайым мал тұқымдарынан екі есеге дейін жоғары. Ал, жем-шөп шығынының деңгейі шамалас екенін ескерсек, алдағы уақытта аудан көлемінде мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын кеңінен қолға алу аса маңызды болып табылады.

Осы бағыттағы жұмысты жүйелеу мақсатында биыл аудан әкімдігі мен Қазақ Ұлттық аграрлық университеті арасында мал тұқымын асылдандыру жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Бұл келісімнің нәтижесінде университет ғалымдары шаруашылықтарда мал тұқымын жақсарту ісіне ғылыми жетекшілік жасап, әдістемелік қолдау көрсететін болады. Сонымен қатар, «Асыл түлік» ЖШС-і мамандары қолдан ұрықтандыру ісі

Ауданның көркем табиғаты туризм саласын дамытуға зор мүмкіндік береді. Алайда туризм дамуы үшін сапалы инфрақұрылым қажет. Осы бағытта табиғаты ерекше 4 бағыт бойынша, сұлу Шәлкөде, Көккөмер, Байынқол және Шұбартал жайлауларына апаратын жолдарға асфальт төсеуге тиісті қаражат бөлініп, жұмыстары басталды. Бұл – болашақта туризмді дамытып, аудан экономикасын әртараптандыруға жол ашатын маңызды қадам.

бойынша арнайы мамандарды оқытып, оларға техник-осеменатор сертификаттарын табыстады. Аталған мамандардың қатысуымен аудан бойынша 10 мың бас қойды қолдан ұрықтандыру жоспарланып отыр. Бұл жоба — мал шаруашылығын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, өнімділікті арттыруға елеулі үлес қосатын маңызды қадам болмақ.

– *Ауыл шаруашылығы өнімін тек шикізат ретінде өткізу тиімсіз болғандықтан өңдеу саласын дамытудың қажеттігі әрдайым айтылып келе жатыр. Сонымен*

қатар агротехникалар паркінің жасақталуы да әрдайым назардан тыс қалған жоқ. Бұл бағытта да қандай өзгерістер бар?

– Ауданымызда «Қарасаз фуд» кәсіпорны заман талабына сай жұмыс жүгізіп 10-нан астам сүт өнімдерін шығаруда. Аталған бағыт бойынша аудан әкімдігі «Алматы» ӘҚК-сымен меморандум жасап, ет, сүт, картоп өнімдерін ауданымыздың шаруашылықтары Алматы қаласынан белгіленген базарда делдалсыз өздері сатуға мүмкіндік алды. Бұл бағытта шаруалардың табысын ұлғайтуға жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

Елімізде ауыл шаруашылығы саласын қолдауға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Соның нәтижесінде бұл салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау көлемі жыл сайын артып, шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасы нығайып отыр. 2025 жылы жеңілдетілген лизинг бағдарламасы аясында аудан шаруашылықтары жалпы құны 915 миллион теңгеге 65 ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынса, биыл жыл басынан бері 17 техника құны 260,6 млн теңгеге сатылып алынды. Соңғы жылдары техника паркін жаңарту бойынша ауданға 200-ге жуық трактор, жүзден аса агрегаттар алынып, жаңарту көрсеткіші 60 пайыздан асқанын атап өткенім орынды болады.

Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан бағдарламалардың тиімділігін пайдалана отырып, аудан көлемінде мал бордақылау алаңдарын құру, егін және мал шаруашылығын жаңғырту жұмыстарын жандандыру жоспарлануда.

– *Жаңа бағыттардың бірі болып отырған туризм саласына да тоқтала кетсеңіз?*

– Ауданның тұмса табиғаты – тек өзіміздің ғана емес, алыс-жақын шетелдік қонақтардың да таңдай қақтырған байлығы. Ауданның көркем табиғаты туризм саласын дамытуға зор мүмкіндік береді. Алайда туризм дамуы үшін сапалы инфрақұрылым қажет.

расаз, Жамбыл және Қакпак, Сарыжаз ауылдарынан жеке тұрғындар есебінен қонақ үйлер мен жол бойындағы қызмет көрсету алаңдарын ұйымдастырып, жақын маңдағы көрікті жерлерге турлар ұйымдастыру қарастырылуда.

– *Туризм саласында автокөлік жолдарының жасаудың маңызы рөл атқаратыны ешкімге құпия емес. Мұндағы ахуал қандай?*

– Аудан бойынша автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 588 шақырым. Оның 66 шақырымы республикалық, 240 шақырымы облыстық, 282 шақырымы жергілікті маңызы бар жолдар. Олардың қанағаттанарлық дәрежедегі үлесі республикалық маңызы бар жолдарда – 47%, облыстық маңызы бар жолдарда – 95%, жергілікті маңызы бар жолдарда – 73 %-ды құрайды.

Биыл жергілікті маңызы бар 24,9 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жасалатын болады. Сонымен қатар, аудандық маңызы бар туристік бағыттардағы 95 шақырым жолды орташа жөндеу жұмыстарын жасау жоспарлануда. Олар: «Байынқол кіреберіс» (13 км); «Көккөмер жайлау кіреберіс» (21км); «Шәлкөде жайлауына кіреберіс» (32,5 км); «Шұбартал жайлауына кіреберіс жолы» (28,5 км) бағытында жоспарланып отыр. Бұл жұмыс та сәтiмен бiтетiнiне сенiм зор.

– *Биыл бұл ауданда алғаш рет «Ауыл шаруашылығы» форумы ұйымдастырылып отыр екен. Осы шара жайлы да айта кетсеңіз?*

– Дұрыс айтасыз. Енді оны алдағы уақытта дәстүрлі түрде жыл сайын өткізу жоспарлануда. Бұл форумға ҚР Ауыл шаруашылығы саласындағы барлық ғылыми зерттеу институттары қатысты. Болашақта бұл шара тек салтанатты жиын ғана емес, сала мамандарының тәжірибе алмасып, өзекті мәселелерді талқылайтын, жаңа бастамаларды қолға алатын маңызды алаңына айналатын болады. Мұндай кездесулер арқылы ауыл шаруашылығын дамытудағы тиімді шешімдер қабылданып, шаруалар мен кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастық нығая түседі деген сенімдеміз.

Жер абаттанса, ел ауқаттанады. Жылма-жыл егіс көлемін ұлғайтып, жер-анадан берекелі өнім жинай білген, төрт түлігін түлетіп, ыдысы ақтан арылмаған ауданымыздың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ата кәсібімізді дамытуға қосып жатқан үлесі мол. Біздің мақсатымыз – ауылдың әлеуетін арттырып, ауыл шаруашылығын заман талабына сай жаңа деңгейге көтеру. Ол үшін мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жаңа технологияларды енгізіп, инновациялық тәсілдерді тәжірибеге айналдыруымыз керек. Егер барлығымыз бірлесе жұмыс атқарып, тиімді шешімдерді ортақ ақылмен қабылдап, тек адал еңбекке сүйенсек, жер-ананың берекесі де, несібесі де бізге молынан бұйыратыны анық. Біз бірге әрекет етсек ауданымыздың ауыл шаруашылығын жаңа белеске көтеріп, Райымбек өңірін аграрлық дамудың үлгісіне айналдырамыз деп сенемін.

– *Сеніміңіз ақталсын. Сұхбатыңыз үшін рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘРІПТЕС

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік пен кәсібилікті талап ететін маңызды сала. Ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, өз ісіне адалдық танытып жүрген мамандардың бірі – Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы Айнагүл Қуанайқызы Мажитова.

Айнагүл Қуанайқызы 1973 жылдың 4 ақпанында Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Құрайлысай ауылында дүниеге келген. 1980–1990 жылдар аралығында ауылдағы орта мектепте білім алып, үздік оқушылардың қатарынан көрінді. 1990 жылы Орал қаласындағы кәсіптік-техникалық колледжді тәмамдаған соң еңбек жолын туған ауылында бастады.

Өмірдің түрлі белестерінен сүрінбей өтіп, отбасы мен қызметті қатар алып жүрген Айнагүл Қуанайқызы бүгінде үш баланы тәрбиелеп өсірген, екі немере мен екі жиеннің ардақты әжесі. Отбасылық құндылықтарды жоғары қоятын ол еңбекқорлық пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырған.

2002 жылы Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрылған кезден бастап осы сотта кіші қыз-

меткер болып еңбек жолын бастады. Сот жүйесінің қызметін терең меңгеруге ұмтылған ол кәсіби білімін жетілдіру мақсатында 2005 жылы Батыс Қазақстан инженерлік-техникалық колледжінің «Құқықтану» мамандығына оқуға түсіп, 2008 жылы оқу орнын ойдағыдай аяқтады.

Жинақтаған тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында 2010 жылдың тамыз айында Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсесіне жетекші маман болып тағайындалды. Ал 2017 жылдың 9 қаңтарынан бастап осы соттың бас маманы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Көпжылдық еңбек жолында Айнагүл Қуанайқызы сот қызметін ұйымдастыру, іс жүргізудің сапасын арттыру, құжат айналымының уақытылы орындалуын қамтамасыз ету бағытында кәсіби шеберлігін көрсетті. Өз ісіне ұқыптылықпен қарап, әр тапсырманы жауапкершілікпен орындауы оның басты қасиеттерінің бірі болып табылады.

Сот жүйесінің қалыптасуы жұмыс істеуі көбіне кеңсе қызметкерлерінің біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Айнагүл Қуанайқызы сот жұмысының тиімді жүзеге асуына елеулі үлес қосып келеді. Әріптестері арасында беделге ие маман әрдайым әділдік, адалдық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алады.

Көп жылғы тәжірибесі бар маман жас қызметкерлердің кәсіби қалыптасуына ерекше көңіл



бөледі. Өзінің жинақтаған білімі мен тәжірибесін жас буынға үйретіп, оларға бағыт-бағдар береді. Жас мамандардың мемлекеттік қызмет қағидаттарын меңгеруіне, қызметтік міндеттерін сапалы

атқаруына және кәсіби тұрғыдан дамуына қолдау көрсетіп келеді. Оның тәлімгерлік қасиеті мен адамгершілік болмысы ұжымда жоғары бағаланады.

Айнагүл Қуанайқызы қоғамдық жұмыстардан да шет қалған емес. Ұжым өміріне белсене араласып, әріптестері арасында сыйластық пен ынтымақтастықтың нығаюына өз үлесін қосып келеді. Қарапайымдылығы, адамгершілігі мен еңбекқорлығы оны көпшілікке үлгі етіп отыр.

Әріптесіміз еңбек жолында қол жеткізген жетістіктері мен сот саласындағы нәтижелері үшін түрлі марапаттарға ие болып, басшылық пен әріптестерінің алғысына бөленген. Оның саналы ғұмыры мен кәсіби қызметі мемлекеттік қызметтің мәртебесін арттыруға бағытталған қажырлы еңбектің жарқын үлгісі деуге болады.

23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні мерекесі қарсаңында Айнагүл Қуанайқызын кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Ел игілігі жолындағы еңбегі әрдайым жемісті болып, абыройы асқақтай берсін. Осындай білікті де тәжірибелі мамандар мемлекеттік қызметтің мерейін асырып, еліміздің дамуына үлес қоса береді деп сенеміз.

Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының ұжымы

МІНБЕР

Мұхит КЕМЕЛОВ, Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы:

«МАҚСАТЫМЫЗ – ШЫМКЕНТТІ ТОЛЫҚҚАНДЫ ЦИФРЛЫҚ МЕГАПОЛИСКЕ АЙНАЛДЫРУ»

Бүгінде Шымкент тек оңтүстіктің экономикалық орталығы ғана емес, сонымен бірге цифрлық технологиялар мен инновациялық бастамалардың жаңа алаңына айналып отыр. Қаланың цифрлық даму жолындағы жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы бізге Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Әбутәліпұлы әңгімелеп берді.

Қоғам дамуының үздік философиясы

– Расында да, цифрландыру бүгінде тек технологиялық жаңғыру ғана емес, ол мемлекеттік басқарудың, экономиканың және қоғамның даму философиясына айналып отыр. Шымкент қаласында цифрлық трансформация бағытында соңғы жылдары жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді Оның нәтижесі нақты көрсеткіштерден-ақ айқын көрініс табуда.

Мәселен, Smart City индексі бойынша 2024 жылы қаланың көрсеткіші 76 пайызды құраса, 2025 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш 82 пайызға жетті. Яғни, бір жылдың ішінде 6 пайыздық өсім қамтамасыз етілді. Осы нәтижемен Шымкент республика бойынша үздік үштікке еніп, үшінші орынға тұрақтады. Бұл кездейсоқ жетістік емес. Оның артында шаһарда инфрақұрылымды жаңғырту, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, қауіпсіз қала жобаларын дамыту және тұрғындарға қолайлы цифрлық сервистерді енгізу бойынша атқарылған аса үлкен кешенді жұмыстар тұр.

Сонымен бірге «Ашық үкімет» көрсеткіші де айтарлықтай жақсарғанын атап өткен жөн. Егер 2024 жылы бұл бағыттағы қамту деңгейі 97 пайыз болса, 2025 жылдың қорытындысында 100 пайыздық нәтижеге қол жеткіздік. Бұл мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін арттырадағы маңызды қадам болды.

Технологиялық хабтың тынысы кең

– Біз цифрландыруды тек мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшірумен шектемейміз. Басты мақсатымыз – толыққанды инновациялық экожүйе қалыптастыруға бағытталып отыр. Осы тұрғыда Shymkent IT Hub алаңы ерекше маңызға ие. 2024 жылы IT Hub базасында 55 іс-шара ұйымдастырылып, оған 1 559 адам қатысқан



болатын. Ал 2025 жылы 160 іс-шара өткізіліп, өсім 190 пайызға жетіп жығылды. Қатысушылар саны да екі есеге жуық артты. Өткен жылы 1 559 адам қамтылса, биыл бұл көрсеткіш 3 мың адамға жетіп отыр. Ең бастысы – жастардың технологиялық кәсіпкерлікке деген қызығушылығы артып келеді. Мысалы, стартаптар саны 5-тен 7-ге дейін өсіп, 40 пайыздық өсім көрсетті. Ал IT бағытында білім алып жүрген студенттер саны 101-ден 260 адамға дейін көбейді. Бұл көрсеткіштер Шымкентте инновациялық орта қалыптасып жатқанын және өңірлік деңгейдегі технологиялық хаб құру бағытындағы

жұмыстардың нақты нәтиже бергенін айғақтай түседі. Digital Nauryz – біздің ерекше мақтанышымыз. Біз ұлттық дәстүр мен заманауи технологияларды үйлестіру арқылы жаңа форматтағы цифрлық мереке ұйымдастыруды мақсат еттік.

Биыл ұйымдастырылған Digital Qazaqstan халықаралық форумы өңірдің цифрлық әлеуетін көрсеткен маңызды алаңға айналды. Форумға жалпы саны 6 мыңнан астам қатысушы келді. 150-ден астам халықаралық және отандық спикерлердің қатысуымен 54 панельдік сессия өткізілді. Форум барысында 40 IT-компания мен 36 стартап өз жобаларын таныстырды. Нәтижесінде 11 ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Сонымен қатар Decentrathon 5.0 жобасы аясында 3 мыңнан астам әзірлеуші бас қосып, цифрлық шешімдерді әзірлеу бойынша тәжірибе алмасты. Мұндай бастамалар Шымкенттің тек тұтынушы емес, технология өндіруші орталыққа айналуына ықпал етеді. Сонымен қатар өңірдің ғана емес тұтас республика көлемінде цифрлық дамудың нәтижесінің жоғарылауына ықпал етеді.

Заманауи технологияларды әлеуметтік маңызды салаларға енгізген жөн

Жасанды интеллект бүгінде әлемдік экономиканың негізгі драйверіне айналғаны рас. Бұл орайда Шымкент қаласында да заманауи технологияларды әлеуметтік маңызды салаларға енгізу бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, денсаулық сақтау ұйымдарында PULS AI жобасы іске асырылып жатыр. Қазіргі таңда қаладағы 13 емханада аталған жүйе толыққанды жұмыс істейді. Бұл шешім медициналық деректерді талдауға, пациенттердің жағдайын жедел бағалауға және дәрігерлердің жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар CEREBRA AI жүйесі енгізілді. Бұл жүйе инсульт белгілерін ерте анықтауға көмектеседі. Нәтижесінде дәрігерлердің шешім қабылдау уақыты қысқарып, азаматтардың өмірін сақтап қалу мүмкіндігі ұдайы артып келеді. Жалпы алғанда, жасанды интеллект технологияларын енгізу денсаулық сақтау сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп отыр.

Бұл бағыттағы маңызды жобалардың бірі – Documentolog жүйесі. Қазіргі уақытта аталған жүйе қаладағы 381 мекемеде енгізіліп, қамту деңгейі 90 пайызға жетіп жығылды. Нәтижесінде құжат айналымы жеделдеп, қағаз-бастылық азайды. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігі артты.

Әлеуметтік салада да маңызды өзгерістер бар. Yandex платформасының көмегімен 103 мемлекеттік қызмет цифрлық форматқа көшірілді. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп қана қоймай, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға да мүмкіндік берді.

Ақпараттық қауіпсіздік бәрінен бағалы

– Цифрландырудың дамуы киберқауіпсіздік мәселесінің маңызын

да еселей түседі. Сондықтан біз мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Қазақстан киберқалқаны» тұжырымдамасы аясында қаланың ақпараттық қауіпсіздігін күшейтуге ерекше көңіл бөліп келеміз. Қалалық ақпараттық жүйелердің қорғалу деңгейін арттыру, мемлекеттік ақпараттық ресурстарды үздіксіз мониторингтеу, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау және цифрлық инфрақұрылымды қорғау бағытында тұрақты жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінде қала аумағында 3100 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Сонымен қатар бес дрон арқылы 350-ден астам мониторинг жүргізілді. Бұл технологиялар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың жедел алдын алуға және төтенше жағдайларда шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі цифрлық қоғам үшін сапалы интернет – негізгі қажеттіліктердің бірі. Осыған байланысты қалада байланыс инфрақұрылымын дамыту жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Мәселен, 2023 жылы мобильді базалық станциялар саны 1 443 болса, 2025 жылы олардың саны 1 752-ге жетті. Яғни, тек екі жыл ішінде ғана 309 жаңа базалық станция іске қосылды. Сонымен қатар 373 базалық станция 5G технологиясында жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Байланыс сапасын арттыру нәтижесінде осал аймақтар саны 147-ден 11-ге дейін қысқарды. Ал биылғы жылы бұл көрсеткішті 8-ге дейін төмендетуді жоспарлап отырмыз.

Білім беру саласында 161 мектеп жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтылды. Барлық оқу орындарында интернет жылдамдығы секундына 100 мегабиттен жоғары. Сондай-ақ қаладағы 38 қоғамдық орында тегін Wi-Fi желісі ұйымдастырылған.

Өңірді толыққанды цифрлық мегаполиске айналдыру – міндет

– Біздің басты мақсатымыз – Шымкентті толыққанды цифрлық мегаполиске айналдыру болып отыр. Ол үшін жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік басқаруға кеңінен енгізу, инновациялық кәсіпкерлікті дамыту, электрондық үкімет қызметтерін жетілдіру, қаржылық технологияларды кеңейту, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Цифрландыру – бұл жай ғана технологиялық жаңғыру емес. Бұл – азаматтардың өмір сапасын арттыруға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін көтеруге және елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған стратегиялық тандау. Шымкент осы бағыттағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыра бермек.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

ҚҰЖАТТАР ҚАЗАҚША ӘЗІРЛЕНЕДІ

Еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақ тіліміз дамып, оның қоғамдық маңызы арта түсті.



Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Қазіргі таңда сот жүйесінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесіне жіті көңіл бөлінуде.

Қазақ тілінің мемлекеттік органдардағы қолдану үлесін сөз еткенде, сот саласын аттап

өту мүмкін емес. Бүгінгі сот жүйесінде ана тіліміздің үлесі көңіл қуантарлық. Атап айтар болсақ, сот өндірісіндегі кірісшығыс хат-хабарлар мемлекеттік тілде жолданады. Соттың ресми сайты қазақ және орыс тілдерінде, ал ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл көрсеткіштер жыл сайын еселену үстінде. Сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді қаншалықты меңгергендігін әр жыл сайын өтетін тестілеу

анықтап береді. Сонымен бірге, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде қарастыруды көздейтін іс шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Мұнан өзге мемлекеттік тілде рәсімделген сот актілерінің сапасына талдау жүргізіледі. Бір сөзбен айтқанда, тіліміздің сот жүйесінде қолданылу деңгейі жыл сайын артып келеді.

Мемлекеттік тілді жетік білу бүгінгі күні әр мемлекеттік қызметкердің Отан алдындағы міндетті борышы деп санаймын. Ендеше, тоқсан рулы елдің дауын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеген ата-бабаларымыздың дәстүріне сай жүйелі сөйлей білсек, бәрімізге де абырой. Ең бастысы, тіліміздің мәртебесі асып, заман талабына сай жан-жақты дами түссе нұр үстіне нұр болар еді.

А.ДУЙСЕКОВ,
Көкшетау қалалық соты
әкімшісінің басшысы

КӨКЖИЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Биофизика, биомедицина, хронобиология және нейроғылымды дамыту перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел өтті. Ауқымды іс-шара көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, биология ғылымының докторы, профессор Сұлтан Төлеуханұлы Төлеухановтың 75 жылдық мерейтойына арналды.

БИОФИЗИКА МЕН НЕЙРОҒЫЛЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Шараны ашқан ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов ғалымның өмір жолы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты екенін жеткізді. Проректор өз сөзінде профессордың «Медициналық-биологиялық іс» және «Биофизика» мамандықтарының қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап өтті. «Сұлтан Төлеуханұлы елімізде алғаш рет хронобиология, хрономедицина және биофизика мәселелері бойынша ғылыми мектеп құрды. Бүгінде бұл мектептің шәкірттері Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де табысты еңбек етіп жүр», – деді Марғұлан Ибраимов.

Сонымен қатар проректор ғалымның бастамасымен 2025 жылы ҚР хронобиология және хрономедиктер қауымдастығының құрылғанын, бұл отандық ғылымды жаңа халықаралық деңгейге көтергенін баса айтты. Өз кезегінде ҚР Президенті жанындағы ҚР ҰҒА Өмір және денсаулық туралы ғылымдар бөлімінің төрағасы, академик Вячеслав Локшин мерейтой иесінің Ұлттық ғылым академиясымен тығыз байланысын және ғылымды насихаттауға қосқан үлесін атап өтті. «Бүгінде қоғам

ғылымға мұқтаж. Осындай ғалымдардың арқасында ғылыми жетістіктер тәжірибешілерге, болашақ ғалымдарға және студенттерге жетіп отыр», – деді Вячеслав Локшин. Пленарлық отырыста баяндама жасап, мерейтой иесін құттықтағандар қатарында Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры Амангелді Саданов, биология және биотехнология факультетінің деканы Мейрамқұл Нармұратова, Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Амангелді Бисенбаев, академик Болатхан Заядан, Ресей ғылым академиясының Жасуша биофизикасы институты зертханасының меңгерушісі Валерий Зинченко және басқа да ғалымдар болды. Қатысушылар онкологиядағы хронотерапияның өзекті мәселелерін, фотосинтездің молекулалық механизмдерін, нейроғылымның биофизикалық аспектілерін және жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мәселелерін талқылады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ИГІ ШАРА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – КӘСІБИ ҰСТАНЫМ

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл құбылыс мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, азаматтардың заңға деген сенімін әлсіретеді.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ісі мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық білім беру деңгейлерінде жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Әсіресе, болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын насихаттаудың маңызы зор. Бұл бағыт Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының 16-мақсаты – «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар» аясындағы міндеттермен де сабақтас.

Аталған мақсаттың негізгі міндеттерінің бірі сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін азайтуға бағытталған. Сондықтан, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, академиялық адалдық қағидаттарын нығайту және жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» көзқарасын орнықтыру тұрақты дамуға қол жеткізудің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Осы бағыттағы жұмыстар аясын-

да С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасының ұйымдастыруымен «Жалпы медицина» мамандығының 1-курс студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ» тақырыбында бірқатар тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, дискуссия, дөңгелек үстел және лекция-дискуссия форматында өткізілген кездесулерге М25-007/008к және М25-015/016к топтарының студенттері қатысты.

Іс-шаралардың басты мақсаты – жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, академиялық адалдық қағидаттарын нығайту, құқықтық сауаттылықты арттыру және жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» көзқарасын орнықтыру болды. Бұл мәселелердің өзектілігі қазіргі таңда ерекше байқалады. Өйткені білім, беру саласындағы кез келген әділетсіздік болашақ мамандардың кәсіби деңгейіне әсер етеді.

Кездесулер барысында студенттер сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның қоғамға және мемлекетке тигізетін зардаптары туралы жан-жақты ақпарат алды. Әсіресе, медицина саласындағы академиялық адалдық мәселесіне ерекше назар аударылды. Болашақ дәрігерлер үшін білімді сапалы меңгеру – тек жеке жетістіктің ғана емес, адам өмірі мен денсаулығына деген жауапкершіліктің көрсеткіші екені атап өтілді.

Дискуссияда студенттерге «Егер бәрі пара берсе, мен неге бермеуім керек?» деген ойландыратын сұрақ қойылып, пікірталас ұйымдастырылды. Бұл сұрақ жастардың осы мәселе төңірегіндегі көзқарастарын ашық білдіруіне мүмкіндік берді. Студенттер түрлі пікірлер айтқанымен, талқылау соңында кез келген заңсыз әрекет қоғамның дамуына кері әсер ететіні және сыбайлас жемқорлық қалыпты құбылыс ретінде қабылданбауы тиіс деген ортақ қорытындыға келді.

Сонымен қатар, студенттер академиялық жемқорлықтың салдарын талқылады. Білімді адал жолмен меңгермеу, емтихан нәтижелерін заңсыз жолмен жақсартуға ұмтылу немесе академиялық алаяқтыққа бару бола-



шақта кәсіби құзыреттіліктің төмендеуіне алып келетіні айтылды. Медицина саласында мұндай әрекеттердің салдары өте ауыр болады. Себебі, кәсіби білімі жеткіліксіз дәрігердің қателігі адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді.

Іс-шаралар аясында нақты өмірлік жағдайлар да қарастырылып, жемқорлық немесе академиялық адалдықты бұзу жағдайларына тап болған кезде қандай әрекет жасау қажеттігі талқыланды. Университеттің комплаенс-қызметіне жүгіну тәртібі, 1424 сенім телефонының жұмысы және өтініш берушінің жеке деректерінің құпиялылығы туралы түсіндірме берілді. Бұл өз кезегінде студенттердің құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етті.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының негізгі ережелері түсіндіріліп, пара беруші мен пара алушының заң алдындағы жауапкершілігі туралы айтылды. Студенттер

заң талаптарын сақтау әр азаматтың міндеті екенін және құқықтық мемлекет құру ісіне әркім өз үлесін қосуы қажет екенін атап өтті.

Мұндай тәрбиелік іс-шаралар жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, құқықтық сауаттылығын арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы – болашақ дәрігерлердің кәсіби этикасын нығайтып, адалдық пен жауапкершілікке негізделген құндылықтарды дәріптейді. Өйткені, адал білім алған маман ғана қоғам сеніміне ие болып, ел дамуына өз үлесін қоса алады.

А.БЕЙСЕНОВА,
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің қауымдастырылған профессоры
С.ЕРХАНОВ,
ассистент

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «META Homeland Almaty (META Хоумлэнд Алматы)» ЖШС (БСН 220440031069) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 5, т.е.б. 199.

4. Пәтер иелері «Даулет» тұтыну кооперативі (БСН 970340004767) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Даулет ауылы, Даулет поселкесі, 13-үй, 1-пәтер.

6. «Бакқара 3» ЖШС (БСН 220640006644) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Жылыбұлақ ауылы, О.Қалдыбайұлы көшесі, 2Б үй, тел. +7 777 422 9044.

7. «KADYR.K» ЖШС (БСН 180140040394) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Алтын-Ауыл, 3-үй, тел. 8 707 839 90 62 (Мұсатай Қанат Сағатұлы).

8. «AmianKZ» ЖШС (БСН 230840022105) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Достық көшесі, 4-ғимарат) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сауран көшесі, 9А үй, 137-пәтер. Тел. 8 708 232 69 29.

9. «IT Qoldau» ЖШС (БСН 210940008942) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Достық көшесі, 4-ғимарат, н.п.1), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сауран көшесі, 9А үй, 137-пәтер. Тел. 8 708 232 69 29.

14. «Daisy Ecom» ЖШС (БСН 250940021104) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 39/1-үй, 44-пәтер, тел. 8707555332.

15. «Standard HVAC» (Стандарт эйч ви эй си)» ЖШС (БСН 130640012328) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Жилой массив МИРАС, Тұрар Рысқұлов көшесі, 8-үй, тел. 8 775 990 83 82.

18. «Бершін төбе» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 250140006459) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Қазақстанның 30 жылдығы ауылы, Б.Майлин көшесі, 15-үй, индекс 161216.

19. Жеке қор «Үміт арнасы «Демеу қоры» (БСН 140840012634) жабылуы туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 30-үй, 304-кеңсе, индекс 010000.

ӘРТҮРЛІ

2. «Ак Жаик» қаржы-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ 2026 жылғы 1 маусымда өткізілген акционерлердің қайталама жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хабарлайды (күн тәртібі 2026 жылғы 1 мамырдағы №32 «Заң» және «Юридическая газета» газеттерінде жарияланған). Жалпы жиналысқа 200 172 (екі жүз мың жүз жетпіс екі) жай акцияға иелік ететін 501 акционер қатысты. Күн тәртібінің ұйымдастыру мәселелері бойынша:

1.1. «Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын сайлау» мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері: «қолдады» – 501 акционер; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалды» – жоқ. 1.2. «Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлау» мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері: «қолдады» – 501 акционер; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалды» – жоқ. 1.3. «Есеп комиссиясын сайлау» мәселесі бойынша: Есеп комиссиясының төрағасы А.В. Гасилиннің кандидатурасы үшін: «қолдады» – 501 дауыс; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалды» – жоқ.

5. Ақтобе облысы, Бірғыз ауданы, Бірғыз ауылы, Әбілқайырхан көшесі, 83-үй тұрғыны Жамал Сапарбайқызы Шаменова 1982 жылы 21 сәуірде Ақтобе облысында туған Есенгелді Асқарұлы қайтыс болды деп жариялау туралы арызбен Ақтобе облысы Бірғыз аудандық сотына жүгінді. 1982 жылғы 21 сәуірде Ақтобе облысында туған Есенгелді Асқарұлының жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты билетін адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Ақтобе облысы Бірғыз аудандық сотына мына мекенжай бойынша: Ақтобе облысы Бірғыз ауданы, Бірғыз ауылы, Жанкелдин көшесі, 25-ғимарат, байланыс телефоны 8(71343)21329 нөміріне және 040213@sud.kz электрондық поштасына ол туралы хабарлауды сұраймыз.

10. «Бурабай» колледж мекемесі (БСН 030740000604) мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9Б ғимарат, индекс 020000, тел. 8 (7162) 50 93 25, электрондық пошта: burabai@bk.ru, өзінің «Жоғары қазақ гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесіне, (БСН 031240003544) мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бөйкен Әшімов көшесі, 228-үй, индекс 020000, тел. 8 (7162) 50 40 63, электрондық пошта: vkazgtk2015@mail.kz, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9Б ғимарат, индекс 020000, тел. 8 (7162) 50 93 25, электрондық пошта: burabai@bk.ru.

11. «Qaz Road KZ» ЖШС (БСН 220440008857) кредиторларға өзіне «Гумыр» фирмасы» ЖШС (БСН 930140001537) қосу арқылы қайта құрылғаны туралы хабарлайды. «Qaz Road KZ» ЖШС кредиторларының талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Степной-3 ықшам ауданы, 3/10-үй, 673-пәтер. Тел. +7 775 729 99 94.

12. «Гумыр» фирмасы» ЖШС (БСН 930140001537) кредиторларға «Qaz Road KZ» ЖШС-не (БСН 220440008857) қосылу арқылы «Гумыр» фирмасы» ЖШС қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «Гумыр» фирмасы» ЖШС кредиторларының талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Степной-3 ықшам ауданы, 3/10-үй, 673-пәтер. Тел. +7 702 218 98 00.

20. Алматы қаласы Медеу аудандық сотында арызданушы Валентина Степановна Шамеева, тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 9-үй, 18-шілде 1939 жылы туылған Борис Степанович Шамеевты қайтыс болған деп тану туралы арызды бойынша қозғалған азаматтық ісі өндіріске қабылданды. Аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде сотқа бұл туралы ақпаратты Алматы қаласы Медеу аудандық сотына, мекенжайы: Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі, 34, тел. 8 (727) 333-12-99, 8 775 304 41 48 хабарлауды сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абайай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-61-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Ақсары адамның көлеңкесі

Подполковник өзінің етжеңді иегінен ұстап ойланып отырып, сәл тыныштықта тербеліп тұрып, ұлы Медғатқа қоңырау шалды. «Қабылан теңбілді ІХ» деген компьютерлік жүйеден сабақтар жасап сататын үлкен ұлы сол.

Сабазданып амандасып, хал сұраулардан кейін әке:

– Универдегі ініңе қарайласа алып жатысң ба? Алматы қалай? – деді төтесінен.

– Жақсы, әке, бәрі ойдағыдай. Алматы күншуақты... Қасым екеуіміз кеше түстен кейін бірге тамақтанғанбыз... Екеуіміздің де кеше біраз бос уақытымыз бар екен.

– Сөйтіп бір-біріне қорған болып жүріңдер, – деп мекіреніп қойды әке, -m-xi-x-xi-xim.

– Айтпақшы, әке!
– Айта бер, не сұрайын деп ең?
– Еркеназ қалай?
– Сол күнделікті сабағына барып жүр. Бірнеше күннен кейін 9 сыныпты бітіретіндерге арналған сауық-кешке жүргізуші болам дей ме, анасы екеуі базарға мерекелік көйлек қарауға кеткен.

– Әдемі көйлек тапсын.
– Иә, соны деген... Көбелектің қанатындай қылып киеді ғой бірденесін. Анаң сол емханада күндегіше, оның қарауына жазылатын адам көп. Әйтеуір, сол көйлектің өзіне уақытын жыртып жүріп әрең тапты.

– Анамның өзіне де қоңырау шалармын. «Елді емдеймін» деп бір күні өзі жығылып қалмаса болды.

– Ең бастысы денсаулық берсін. Халыққа қызмет еткеннен кадрлілісі жоқ.

– «Жұмысқа жаңадан мамандар кіріп жатыр» деп едіңіз. Сіздің каталдығыңыздан ұйқылары қанбай жүрген шығар, әкешім?

– Э-э-э, балам, – деп созбақтады әскери әке. – Мен, ме-ен мейірімдімін ғой былай. Тек жұмысқа деген өте жауапкер ұстанымым ғана. Уақыт өте келе маған бойлары әбден үйренеді. Туа салып жүзетін үйрек болмаса да, туа сала жүзуді үйрететін үйрек етем.

– Бір істі қолға алсаңыз нәтижесін шығармай қоймайтыныыз – жұмысқа енді төселіп жатқандар үшін өмірлік пайдалы тәжірибе болар еді.

– Оның шын (Мойынын терезеге созып, басын қайқайтып). Өкенді тым мақтап жіберген жоқсың ба?

Баласы үндемеді. Әке сәл тосырқалды.

– Бір мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін біліп, анығын анықтауым керек-ақ болып отыр.

– Жұмысыңыз жайлы айта бермейтін едіңіз. Демек, ІТ-ға байланысты көмегім керек болып отыр ма екен?

– Сарысулық жігіт. Тхэквондодан республикалық чемпионатта топ жарып, 67 келіде чемпион болған. Қазір 35-те, жоғалғанынан бері жарты жылдай уақыт.

– Соңғы рет қайда болған?
– Соңғы рет таныстарының көз жазып қалған жері – Алматы.

– Қызық...
– Соңғы 6-7 жылдан бері сонда тұрды деуге болады.

– А-а, аяқ астынан жоғалып кетті ма десем...

– Мұстафа Өзтүріктің сенімді серігінің бірі.

– Мынау қызық екен. Тіпті қызық! Не болып бара жатыр? Атақты Мұстафа Өзтүріктің бе?

– Дәл, солай. Таңғалатын несі бар? Жұмыс болған соң неше түрлі есімдер кездеседі.

– Айта беріңіз, әке. Сөзіңізді бөлегім үшін кешірім сұраймын.

– Ол қайда? Неге із-дерексіз? Табылған өлі адамдардың қатарында да емес.

– Басқа орындарда, қонақүй, машық залдары болсын, вокзал кассаларында есімі жоқ па екен?

– Осы күдікті іске, балам, көмегің керек. Республика бойынша барлық органға хабарласып, қонақ үй, емхана тіркеуі, құжат өткізетін орындардың ақпараттарын тексеріп, аталған орындарда оның қолтаңбасының қойылмағанына да тура сондай уақыт болды.



АТЫ БАСҚА, ІЗІ СОЛ

7 ай... Содан кейін істі тексеруге маған жіберіп отыр.

– Күрделі.
– Мұстафа Өзтүріктің белгісіз өлімінен кейін, осындай серігінің жоғалып кетуі нені білдіреді? Басқа органдағы серіктестеріміздің еш белгі таппағаны оның өлімінің серіктеріне байланысты бір ұшығын шығарып бере ме, қалай?

– Не айтып кеттіңіз, әке. Шәкіртін ұстазға қарсы қоя алушы ма еді?

– Менің айтпағым басқа нәрсе. Мынадай ақсары атанды пайдаланып, кейін төбесіне тоқпақпен ұрған деуші еді.

– Ой қорытып, сарапқа салғаныыз жақсы, әке. Бірақ мен қандай көмек көрсету керегін білмей тұрмын.

– Қиын емес, – деді нығыздай сөйлеп, ауырлаған денесін де қозғап алды.

– Менің күмәнім көрші елдерде.

Баласы үндемей тыңдап тұр.

– Әдетте, бір іске шатылғандардың зыр-р ете түсетін бағыты – Қырғыз жері. Тілі бір, діні бір, мінездес. Арзан-шылдық та жоқ емес... Бізге қарағанда әйтеу біраз нәрсе тиімді. Адамдарының ақ пейілі де талайға пана болуда.

– Қырғызстан?

– Өзбекстандағы қолайлылық та өзіне жаңа қонақтарды шақырады...

– Осы елдерге сізден бұрын ресми сұрау жіберсе де, заңды орындардың тіркеуінде сіз іздеп отырған есім туралы тиянақты жауап келмей отырған сияқты ғой.

– Дөп басып айттың, балам. Мемлекеттік органдардың тізімінде көрсетіле бермейтін, ақылы жұмыс орындарының жеке мұрағатында ғана есімі сақталатын кісілер де баршылық.

– Солай ма?

– Сондықтан, осы елдердегі түрлі жұмыс орындарының құпия ақпаратына саусақ басып, жанашырлары таппай қиналып отырған адамды тауып, жақындарымен тезірек қауыштыруға азаматтық үлесінді қоссаң?

– Әке, бұл хакерлік шабуылға са-

яды ғой. Жарайды, мен таптым делік. «Әкесі заң органының адамы бола тұра, жеке тұлғалардың қызметтік жүйесіне нұқсан келтірді» деп айыптамай ма? Сіздің басыңызға бақадай ыршытып пәле тауып беремін. Өз басымды қоя тұрайын...

– Балам, осы істі аяғына шығармай болмайды. Жәрдемдесе алмасаң Қырғызстанға, Өзбекстанға барып, жергілікті адамдардың көмегіне жүгінуіме тура келеді. Десе де, ақысын алған күнде де алдап кетпесіне кепіл жоқ кейбіреулердің.

– Балаңызбын ғой, бас тарта ал-

Подполковниктің айтуынша осы үстелге бір қарапайым қырғыз қызы қызмет етеді, терезе жақ үстелдерге әлгі өзбек қызы қызмет көрсетеді. Ол өзіне қой етіне майдалап туралған пияз, сарымсақ, күріш қосып пісірілген быжы әкелген даяшы қызға қайта-қайта қарап отырып, атын сұрап алды.

Міне сол Беғайымнан сыр тартудың сәті бүгін әрең түсті...

Жігіт пен қыз телефонның айдынын қалқан етіп, екі күн ұрлана қарап сырласқаннан кейін жігіт өзі жақсырақ біліп қалған ең сәнді тағамжайдың біріне алып барады. Қателеспесем, аты

сын сұрамадым өзіме қажеті болмаған соң.

– Әәә, түсінікті, – деді жігіт ақ түсті шелек қалпағын бір шешіп, қайта киіп.

Содан соң қыздың алдыңғы жағындағы қоңыр жапырақтар ұйлығысқан жерге шығып, алға-артқа кезек жылжып жүре берді. Екі көзі аяғының ұшы тиген жапырақтарда.

Жігітінің мұнша неге ойланып кеткенін түсінбей, қыз ақырын барды да жігітін шынтағынан бұрды. Жігіті мүп-мұлайым, ай сәулесі жарып шығып тұрған қап-қара көзді қоңырқай қазға қарап – қызға қарап, оны желкесінен ақырын тартып әкеліп, дедектей басқан қызды бауырына жұмсақ тартты.

Ыстықкөлден басталған із

Подполковник жігіттің әкелген жағымды жаңалығына құлақ тосып, Шыңғыс Айтматов көшесіндегі Asia Mall-дың үшінші қабатындағы көп дәмхананың бірі Modern Restaurant-тың шеткі үстелінде қолын жазды. Жігіт нығыздалып отырып, мойнына асырған сумкасының бауын алды да, қолдарын жуандағыдай әлпетпен ысқылап алып, «уф!» деді.

– Не таптың сонымен?
– Айта берейін бе, ағасы?

Осыны айтып жатып даяшыға қол бұлғап шақырып еді, ол келе қоймады. Сонан соң қолын сипалап біраз отырды да, жігіт ағасының «айтсаңшы!» дегендей қатулы қабағын көріп ашылып сала берді.

– Сіз іздеген адам дәл соның өзі!
– Сонымен? Неге тіл қатпайды екен?

– Тіл қатты.
– А-а-а, – деп шалқайып барып отырды подполковник.

Қағілез жігіт сөзін жалғай түсіп:
– Жігіттің аты – Ақшоола. Оның бұрын өзіне тән аты болған. Бір кезде біреулер есінен тандыра ұрып, Ыстықкөл бойына тастап кеткен. Жеті ай бұрын...

– Жеті ай бұрын...
Подполковник таңғалысын жасырмады. Тура Мұстафа Өзтүрік өлім құшқаннан кейін бір ай өтер-өтпесте болған жағдай ғой.

– Сол кезде жағалауда жүрген бір қырғыздың қызы Бүбі тауып алып, оны бағып, оңалтып, өзі соған жар болған.

Осы кезде даяшы келді. Қара шалбар, қоңыр алпақкыш, ақ жейде киген даяшы жігіт сорайған күйі «кешірім өтінем. Не қалайсыздар?» деп сұрады.

– Екі балмұздақ, – деді жігіт каннен-каперсіз.

– Әй, балмұздақ суық қой. Ішімді ауыртады. Басқа не бар? – деп жігіт ағасы мәзірге телміре түсті,– болды бүгін көңілдімін. Содан бері берші. Ананас, құлпынай қосылған екі түрлі көктейіл бере салуды да ұмытпа. Ақысын маған жаз.

Даяшы кете бере, төс қалтасына қолын салған аға онсыз да аппақ жейдесінің қалтасының сыртынан көгеріп көрініп тұрған ақшаларының бар-жоғын сипалап тағы бір көз жеткізіп алды да, жігіттің әңгімесін мұқият тыңдауға көшті.

– Бір жолы,– деді жігіт, суық тиіп қатты қызып ауырып, ауруханаға жеткізілген. Сол кезде жігіт сандырақтап біраз нәрсе айтқан. Жігітті жанындай жақсы көрген қырғыз қызы Бүбі оның аузынан шыққан әр сөзді қағазға түсіріп алып отырған екен. «Сарысу ауданы», «Балалар саябағы» дей ме, Өуезов атындағы мектеп деген сияқты өзіне ыстық туып-өскен өңіріндегі жерлерді атаған.

Жігіт ағасы «әуп, бәрекелді!» деп шапалағын шарт еткізіп шалқалай жөнелді де, даяшыға қайыра айғайлады.

– Бізге бешбармақ, бас бармақпен көрсететін бешбармақ керек екен, – деді.

Көкбөрі МҮБАРАК

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 82 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31